

А.Б. Серикбаева, С.С. Копбалина, Ү.А. Қосыбаева

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: ser_assem@mail.ru)*

Белсенді баға — инновациялық бағалау жүйесі

Мақала оқу үдерісінде инновациялық бағалау жүйесін пайдалануға, атап айтқанда, формативті бағалауға арналған. Формативті бағалау стратегиясы белсенді бағалауды қарастырады. Оның ерекшеліктері, дәстүрлі бағалау формасынан айырмашылығы, анықтамалар берілген, формативті бағалау элементтері келтірілген, сондай-ақ сабақтарда белсенді бағалауды қолдану тәсілдері зерттелген. Шетелдік мамандардың тәжірибелік қызметінде белсенді бағалауды пайдалануы, әлемдік зерттеулердің статистикалық деректеріне салыстырмалы талдауы жүзеге асырылған. Авторлар оқушылардың өзіндік құндылық сезімін жоғарылату, олардың танымдық мотивациясын арттыру және оқу жетістіктері мен сәтсіздіктеріне жауапкершілікті күшейту әдісі ретінде белсенді бағалаудың практикалық маңыздылығын сипаттайды. Кері байланыстың маңыздылығына, оның ұйымдастырылуына және сабақтарда жүзеге асыру жолдарына ерекше көңіл бөлінген.

Кілт сөздер: бақылау, белсенді бағалау, белсенді бағалаудың элементтері, сұрақ қою әдістемесі, кілттік сұрақтар, өзін-өзі бағалау, өзара бағалау, кері байланыс.

Адамның кез келген қызметіндегі қажетті элементтер бақылау және бағалау болып табылады. Олар адамның қызметін реттейді, оған процестің қаншалықты сәтті өтуі және қиындықтары туралы ақпарат береді. Бұл өз әрекеттерімізді реттеуге мүмкіндік туғызады. Бақылау — бақылауға алынатын объектіні стандарттармен, нормалармен, критерийлермен салыстыру процесі. Бағалау — бақылау нәтижелерінің ауызша немесе жазбаша көрінісі.

Көптеген жағдайларда білім беру процесіндегі іс-әрекеттерді бақылау мен бағалаудың дәстүрлі тәжірибесі төмендегілермен сипатталады: сабақта жалғыз ғана бақылаушы мен бағалаушы мұғалім, оқушылар және ата-аналар тиісті биліктен айырылған; оқу нәтижесі ғана бағаланады (білімді меңгеру процесі назарсыз қалады); бақылаудың мазмұны (бағаланатын) жиі жасырын түрде қалады; сабақтарда көп уақыт бақылау жүргізуге жұмсалады (белгілерді қою қажет); тек балдық немесе рейтингтік баға қолданылады; кейде бағалар оқушыларға қысым көрсету құралы ретінде пайдаланылады.

Мұндай бақылаудың нәтижелері көптеген теріс салдар болып табылады:

- оқу материалдарын оқып-үйренуге, тақырыпты және жалпы білім беру дағдыларын дамытуға, мұғалім мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас орнатуға уақыт жеткіліксіз;
- танымдық себептер өзгереді (жақсы бағалар алу үшін білімді меңгеру);
- бағалардың көбіне мұғалім мен оқушылар арасындағы қарым-қатынастың нашарлауына себеп болуы;
- оқушыларда мұғалім сабақ айтуға шақырғанда жауап бере алмай, нашар баға алып қаламын деген психологиялық ыңғайсыздық, өз өзіне сенімсіздіктің сезілуі. Бұл көшіріп алуға, алдау, жалғандық, екіжүздікті тудырады, неврозға себеп болуы мүмкін;
- кейбір оқушылар нашар баға алуға үйренеді, сондықтан оларда өзін-өзі бағалау төмендейді, жеке басының қадір-қасиеті басылады да, олар ашуланғыш болып өзгереді;
- білім берудегі артта қалудың себептерінің бірі — өзін-өзі бағалаудың болмауы;
- оқуда сәтсіз оқушылар одан көпке жете алмайтындығын түсініп, олар ашуланғыш болып кетеді. Бұл оқушылардың оқуға деген жауапкершіліктерін өздерінен толығымен алып тастауға әкеп соғады, ал ол өз кезегінде жеке және әлеуметтік мәселелерге әкеледі [1].

Білім беру мекемелерінде бағалаудың инновациялық жүйесі ретінде білім сапасын бағалаудың тестілеу, модульдік және рейтингтік жүйелерін, сапа мониторингін, оқу портфолиосын қолданады.

Белсенді бағалау — бұл оқушылар өздерінің табыстарын, қателіктерін үнемі көруге және түсінуге, бағалау рәсімдерін меңгере алуға және өзінің жеке оқуын басқаруға мүмкіндік беретін оқыту стратегиясы.

«Белсенді бағалау» стратегиясы нақты анықталған әдістемелер, тәсілдер мен әдістер жиынтығы ғана емес. Бұл балаларға өздерінің білімдерін басқаруға мүмкіндік беретін құрал. Бала қайда бара

жатқанын, қалай жүретінін және одан кейін не күтіп тұрғанын біледі. Ол қателіктерден қорықпайды, ол қателіктердің арқасында әрі қарай қайда және қалай баруға болатынын біледі.

Белсенді бағалауды пайдалану оқытуды ынталандыратын атмосфераны жасайды. Осы атмосферада оқушылар өздерінің маңыздылығын сезінеді, білім беру жетістіктері мен сәтсіздіктеріне қатысты танымдық ынталандыруды және жауапкершілікті арттырады, өздігінен жұмыс жасау деңгейі көтеріледі, ынтымақтастық үшін жағдайлар жасалынып, оқушылар оқу үрдісін жақсы түсінеді. Белсенді бағалау анықтамасына тек танымдық және шығармашылық нәтижелер ғана емес, сонымен қатар оларды қабылдауға деген белсенділік те жатады.

Қазіргі уақытта әлемнің көптеген елдеріндегі мұғалімдер белсенді бағалауды қолданады. Тәжірибе көрсеткендей, бұл оқыту жүйесі білім берудің ең үлкен әсерін береді. Ең жақсы көрсеткіш Финляндияның білім беру тәжірибесі болуы мүмкін, онда белсенді бағалау ең кең таралған әдіс болып табылады. Фин оқушылары PISA (Оқушылардың білім беру жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы) зерттеулерінде ең жоғарғы позициялардан орын алады.

Белсенді бағалау әдісі жаңа нәрсе емес. Бұл мұғалімдердің бұрыннан белгілі және топ пен берілген жағдайға байланысты интуитивті түрде пайдаланылатын әдістер мен тәсілдерді тек бір жүйеге келтіру. Белсенді бағалау мұғалімнің осы әдістерді бір мақсатқа бағынуын саналы және мақсатты түрде қолдануды білдіреді. Егер сіз тиімді оқытуды үйренгіңіз келсе, сіз орталық ұйымдастырушылық ұстанымға, мұғалімнің және оқытушы құрамның жұмысына белсенді баға беріңіз. Одан кейін оқыту мен оқу үрдісі кемелді болуы мүмкін [2].

Белсенді бағаны оқу үшін бағалау, формативті бағалау деп те атайды. Бұл терминді педагог Бенджамин Блум педагогикалық мақсаттардың таксономиясының авторы Майкл Скривеннен алған. Майкл Скривен 1967 жылы алғаш рет белсенді (формативті) баға мен жиынтық баға ұғымдарының арасын ашып көрсеткен. 1968 жылы Б. Блум өзінің «Өнерге арналған оқыту» атты кітабында белсенді бағаны білім беру және оқыту процестерін жақсарту құралы ретінде қарастырды. Өткен ғасырдың 80-жж. жылдарының екінші жартысында Британдық білім беру зерттеулер қоғамы бағалау жұмыстарын реформалау бойынша зерттеу тобын құруды бастады. Осы топтың 1998 жылы сұранысы бойынша Пол Блэк және Дилан Уильям зерттеу нәтижелерін қорытындылады және белсенді бағалаудың оқыту тиімділігіне әсер ететін 500-ден астам ғылыми мақалаларды талдады. Кейінірек Блэк және Уильям «Қара жәшіктің ішінде» деген тағы бір мақала жазды. Қорытынды айқын болатын: белсенді бағалауды пайдалану оқытудың тиімділігін арттырудың өте сенімді жолы.

Дегенмен, белсенді бағалау әдісі Ұлыбританияда ғана танымал болмады. 2002 жылы экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ), Білім беруді зерттеу және инновациялар орталығының тікелей қатысуымен, ЭЫДҰ елдерінде бағалау қызметін қайта қарауға бағытталған зерттеу бағдарламасын бастады. Нәтижесінде, белсенді бағалау білім беруді жетілдірудің тиімді құралы ретінде танылды. АҚШ-та белсенді бағалаулар 2002 жылдан бері белсенді түрде қолданыла басталды. Американдық ең үлкен білім беру ұйымы ASCD (Оқу жоспарының мониторингі және даму қауымдастығы) үнемі конференциялар, ғылыми зерттеулер жүргізеді. Чехияда бағалау қызметін қайта құру процесі 2010 жылы басталды. Онда «жоғарыдан» белсенді бағалау енгізілді — бастама ұлттық білім беру институтынан келеді. Польшада қоғамдық ұйымдар 2003 жылдан бері қоғамдық пікірді белсенді түрде алға жылжитты. Польша оқытушыларының әрқайсысы семинарға немесе азаматтық орталықты қашықтықтан оқытуға қатыса алады. Бұл орталық мұғалімдердің дамуымен айналысады, ал осы орталықтың оқытушылары мен мұғалімдері мұғалімдердің тәжірибесі болып табылады. Польшадағы педагогикалық білім берудің көлденең жүйесі арқасында Польша Еуропадағы орта білім сапасының үздік көрсеткіштеріне қолжеткізді. PISA деректері бойынша, Польша ЭЫДҰ елдерінде орташа көрсеткіштен жоғары елдердің қатарына кіреді.

Мұғалімдер өзінің тәжірибесінен белсенді баға төмендегі нәтижелерді беретініне көзжеткізді [2]:

- оқу нәтижелерін жақсартады;
- негізгі құзыреттіліктерді қалыптастырады — оқуға үйрету;
- оқытуда қиындықтары бар оқушыларды оқытуға көмектеседі;
- мотивациялық функцияны орындайды;
- оқытушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты өзгертеді.

Белсенді бағалауға жалпы анықтама беру қиын. Белсенді бағалау «оқушының қолжеткізген прогресінің жиі, интерактивті бағалауы және оның материалды түсінуі, оқушыны одан әрі қалай үйрету керектігі және оның қандай әдістерді жақсы қабылдайтындығы» үшін анықталады. Дегенмен, жеңілдетілген анықтама жиі қолданылады: белсенді бағалау — оқушыларға оқуға көмектесетін

ақпаратты беру. Мектепте, негізінен, оқушылардың жұмысына баға беру ретінде жиынтық баға қолданылады. Керісінше, белсенді бағалаудың мақсаты, ең алдымен, оқу процесін жетілдіру болып табылады. Бұл бағалау оқушыларға өздерінің оқуына жауапкершілікпен қарауға көмектеседі және мұғалім мен оқушыларға әрі қарай әрекет ету жоспарын жасауға көмектеседі. Бұл оқу үлгерімін жетілдірудің өте тиімді әдісі, әсіресе оқумен проблемалары бар адамдар үшін.

Неліктен белсенді бағалауды қолдану керек деген сұрақ туындауы мүмкін. Мұғалімдер оқушыларды оқу процесіне тереңірек қатыстыру үшін оқытудың жаңа әдістерін іздестіріп отырады. Оқушылардың көбінесе оқуға деген қызығушылығы болмайды, мектепке барғысы келмейді. Мектептегі оқыту мағынасыз болса, жастар арасында агрессияның өсуіне, амбицияның болмауына әкеледі. Белсенді бағалау — өзгерудің жақсы бағыты. Әсіресе ол оқуда қиындықтар туындаған оқушылармен жұмыс жасағанда жақсы нәтиже береді. Белсенді бағалау жастарды өмір бойы үйренуге тиімді түрде дайындайды, себебі заманауи әлемде бұл ең қажет маңызды дағдылар болып табылады.

Белсенді бағалаудың элементтері [3]:

1. *Оқудың мақсаты.* Мақсат — табысқа жету жолының басы. Егер оқушы мақсатсыз оқыса, ол табысты бола алмайды. Мақсатты білген оқушы:

- еңбекқор;
- саналы түрде оқиды;
- сабақты құруға қатысады;
- мұғаліммен жұмыс істейді;
- өзін-өзі оқытуға жауапты.

Мақсатты жоспарлау — мұғалімнің қызметіндегі маңызды кезең. Сабақты жоспарлауды бастау кезінде әрбір мұғалім келесі сұрақтарды ойластыруы керек:

- Мұны не үшін үйретесің?
- Неге қолжеткізу керек?
- Мұғалімнің мақсатын оқушылардың мақсатына қалай айналдыруға болады?
- Оқушыларға қажетті нәтижеге қолжеткізуге қалай көмектесуге болады?
- Жетістік деңгейін қандай критерийлер бойынша бағалау керек?

Мақсат қолжеткізуге болатын, өлшенетін, түсінікті болуы керек және сыныптың әрбір оқушысы оны маңызды деп санауға тиіс.

Сабақ мақсаттарын мұғалім, мұғалім оқушылармен, жұптармен немесе оқушылар топтарымен, әрбір оқушы жеке-жеке жасай алады.

Оқушыларды бағалау іс-шараларына қатыстыру үшін, олар нені біліп немесе білмегендігін және әрі қарай жұмыс істеуге не қажет екенін түсіну үшін, мақсаттарды тұжырымдау кезінде сабақтың соңында оқушылардың алатын білімдері мен дағдыларын анықтау қажет. Оқушылар тілінде қойылған мақсат тақтаға жазылады, ол сабақ барысында қарап тұруға, жоспарланған нәтижеге жетудің қалай жүріп жатқанын көруге және түсінуге, сондай-ақ қажет болған жағдайда өзгерістер жасауға мүмкіндік береді. Мақсатты жапсырма қағаздарға жазып, дәптерге жапсыруға болады.

2. *Сұрақ қою әдістемесі.* Белсенді бағалау кезінде сұрақтарды қою әдістемесі 4 аспектіні қамтиды [4].

1-ші аспект — *жауапты ойластыру уақыты:*

- оқушылардың жауаптарының ұзақтығы артады;
- жауап берілмеген жағдайлардың саны азаяды;
- оқушылар өз-өзіне сенімді бола алады;
- оқушылар сыныптастардың жауаптарын пайдаланады немесе нақтылайды;
- оқушылар балама шешімдерді көбірек ұсынады.

2-ші аспект — *қолды көтермеу принципі.*

Көп жағдайда сұрақ қоюдан кейін мұғалім жауап беруге тиіс оқушыны атайды, балаға ойлануға көп уақыт қалмайды. Зерттеудің нәтижелері жаратылыстану циклінің пәндері негізінде американдық мұғалімдердің жауап күту уақыты 1-2 секунд болатындығын көрсетті. Көптеген мұғалімдер, әдетте, оқушылардың ойлануына уақыт бермей, бірінші қолын көтерген оқушыны жауап беруге шақыра береді. Егер ондайлар жоқ болса, мұғалім қойылған сұраққа өзі жауап бере алады. Оқушылар мұндай жағдайға үйреніп, жауапты ойланбауы да мүмкін. Олар әрдайым қолын көтеретін басқа бір оқушының жауабын күтіп, өздері жауапты табуға да ұмтылмай отыра береді. Олар сұраққа басқа бір

оқушы немесе мұғалімнің өзі жауап беретіндігіне сенеді. Әдетте мұғалім белгілі бір ең қабілетті оқушыларды ғана шақыра береді. Себебі мұғалім қабілетті оқушының тез жауап беретініне сенімді. Жауапты күту уақытын арттыру ұсынылады. Кейбір мектептерде мұғалім сұрақ қоя салысымен 3 минут бойы жанып тұратын шамды қосады, содан жарық өшкен кезде жауап берілмесе, өзі жауапқа араласады. Сондай-ақ сыныпта көрнекі жерде ілініп тұрған қабырға сағатын немесе құм сағатты қолдануға болады. Бірнеше секунд күтіп тұрып, оқушылардың біреуін шақыруға болады. Әдетте төменгі сыныптарда сұрақ қойылғаннан кейін оқушылар қолдарын дереу көтереді. Кейде олар жауапты білмей тұрса да қолдарын көтере береді. Мұндай жағдайда балаларға қолын көтермеу ережесін орнату ұсынылады. Мұғалім жауапты күтеді, белгіленген уақыт аяқталғаннан кейін ол белгілі бір оқушыдан жауап алуды бастайды. Бұл барлық оқушылар ойланып, осы сұрақтың жауабын іздеуді қамтамасыз етеді, себебі мұғалім олардың кез келгенін шақыра алады.

3-ші аспект — *мұғалімнің қате жауаптарға іс-әрекеті.*

Егер мұғалім оқушылардың қойылған сұрақтарға қызығушылықпен жауап бергендерін қаласа, олардың қате жауаптарына дұрыс реакция көрсетуді үйрену керек. Әдетте қате жауаптар оқушылардың типтік қателерді қалай жасайтынын көрсетеді. Балаға дұрыс жауап бермегені үшін алғыс айтуға да болады, себебі кейде ол шешімнің дұрыс бағытын табуға көмектеседі. «Мен білмеймін» деген жауапты да қабылдауға болады. Бұл оқушылардың әлі не үйренбегені туралы маңызды ақпарат.

4-ші аспект — *жұптармен жауап іздеу.*

Бұл жұптармен жұмыс істеу немесе талқылау емес, тек қана «екі» оқушы сұрақтарға қай жауап дұрыс екендігін келісе отырып, шешу. Жұптарды құруды осы тақырып бойынша жеткілікті дәрежеде білетін оқушы мен жалпы білімі мықты оқушының ынтымақтаса отырып жұмыс істеуіне қарай ұйымдастыруға болады. Мұғалімнің мақсаты — оқу процесіне деген қызығушылықты қолдау.

Сұрақ қою әдістемесінде сақталынатын негізгі тізбек:

1. Сұрақ.
2. Ойлануға уақыт.
3. Жауап беретін оқушыны таңдау.

Альберт Эйнштейн былай деген: «Көптеген мұғалімдер оқушының нені білмейтіндігін анықтауға уақытты кетіреді, ал сұрақты қою өнері оқушы біле ме, әлде тез қабылдауға қабілетте ме, соны анықтап алу қажет». Блумның таксономиясына сәйкес, зерттеудің алты деңгейі бар:

- білім;
- терең білім (түсіністік);
- қолдану;
- талдау;
- синтездеу;
- бағалау.

Белсенді бағалау қағидаларын қолданғысы келетін мұғалімнің міндеті әртүрлі деңгейдегі оқытуда сұрақтар мен тапсырмаларды қолдану болып табылады. Әдетте сабақтарда бірінші деңгейдегі сұрақтар мен тапсырмалар басым болады, бірақ мұғалім жоғары деңгейге жетуге тырысуы керек.

«Білім» деңгейі. Зерттелген материалды жаңғырту, фактілерді, ұғымдарды есте сақтау. Бұл маңызды және пайдалы, бірақ бірінші деңгей барлық қалғандарын алмастыра алмайды. Сұрақтар мен тапсырмалар әдетте келесі сөздерден басталады:

- ата;
- айт;
- есепте;
- еске түсір;
- сәйкес қой;
- таңда.

«Терең білім (түсіністік)» деңгейі. Фактілер мен мазмұнды түсінуді көрсетеді. Мұғалім оқушыны бір нәрсені біліп қана қоймай, оны түсінетінін дәлелдеуді күтеді. Ол оқушыға оның материалды қаншалықты түсінгенін білу үшін сәйкес сұрақтар қояды. Мұнда неғұрлым тереңірек жауапты талап ететін ашық сұрақтар болады. Бұл деңгейдегі сұрақтар мен тапсырмалар келесі етістіктерден басталады:

- салыстыр;
- түсіндір;
- сипатта;
- жікте;
- таңда;
- анықта;
- тарат;
- көрсет;
- өңде.

«Қолдану» деңгейі. Бұл деңгейде мұғалім білімді қолданудың нақты мүмкіндігін тексереді, оларды қолдану деңгейін көре алады. Бұл жинақталған білімнің пайдасын көрсетудің жақсы мүмкіндігі. Сабақ алдында қойылған мақсаттарға қолжеткізіледі. Мұғалім оқушыдан төмендегілерді сұрайды:

- қолдан;
- оны сынап көр;
- пайдалан;
- рөл атқарып көр;
- құр;
- айналдыр;
- үлгісін жаса;
- тәжірибе жаса.

«Талдау» деңгейі. Бұл деңгейде мұғалім оқушылардың мәселенің құраушы элементтерін, ақпаратты білуін және тануын қалайды. Сондай-ақ олар осы элементтермен жұмыс істей білуі және ақпаратты құрамдас бөліктерге бөле алуы қажет. Осы деңгейдегі сұрақтар мен тапсырмалар мынадай сөздерден басталады:

- талда;
- құра;
- жеңілдет;
- жікте;
- айырмашылықтарын көрсет;
- салыстыр;
- санаттарға бөл.

«Синтез» деңгейі. Ақпаратты оның элементтерін үйлестіру арқылы түрлі жолдармен біріктіру. Бұл шын мәнінде көптеген оқушыларға ғана емес, мұғалімдерге де қиын міндет. Бұл деңгейде жақсы сұрақтарды қалыптастыру көптеген мұғалімдер үшін қиындық тудырады. Тапсырмалар келесі сөздерден басталады:

- тұжырымда;
- жобала;
- құр;
- ойлап тап;
- шеш;
- ұсын;
- тап;
- толықтыр;
- өңде.

«Бағалау» деңгейі. Мұғалім осы деңгейде оқушы жұмысын өз бетімен бағалауын қалайды. Сұрақтар мен тапсырмалар өтілген материалды қорытындылауға көмектеседі. Әдетте, олар келесі сөздерден басталады:

- бағала;
- шешімді таңда;
- шеш;
- белгіле;

- түсіндір;
- пікір жаз;
- пікіріңді айт;
- дәлелде;
- аргументтермен қолда.

3. Кілт сұрақтар:

- ынталандырады;
- қызығушылықты оятады;
- ойлануға ынталандырады;
- оқушыларға тақырыптың терең контекстін көрсетеді;
- сабақтың тақырыбы мен мақсаты тығыз байланысты болады;
- сабақтың мақсаттарына қол жеткізуге көмектеседі.

Адам өзін қызықтыратын, мақсатына жету үшін қажет нәрсеге талпынып оқиды. Белсенді бағалаудың осындай элементі — кілт сұрақ. Мынандай қызықты байқауды көруге болады: әдетте, мектепке дейін жастайынан ата-аналарынан көп нәрселер туралы сұрап, білетін балалар мектепке барғанда қызығушылығын жоғалтады. Мүмкін, белгілі бір дәрежеде олар бұл ақпаратқа ертерек қызығушылық танытқаннан кейін болу керек. Бұған қоса мұғалім оларға көптеген хабарлар береді, олардың ойлануына және талқылауына уақыт қалдырмайды. Мұғалім оқушыларға кілттік сұрақты әдейі олар ойлансын деп береді. Бірақ кілттік сұрақ сұрақ түрінде болмауы да мүмкін. Олар мәселе, болжам, жұмбақ, тапсырма, тезис, жағдай, сурет немесе фото, коллаж болуы мүмкін. Кілттік сұрақтар келесі қасиеттерге ие болуы керек:

- оқу мақсаттарына ерекше назар аударып, олардың орындалуын жеделдетеді;
- сұраққа жауап беруді қалайды;
- әр оқушының қызығушылығын оятады;
- оқушыларды сұрақтың жауабын өздігінен іздеуге ынталандырады;
- оқушыларды өз тұжырымдамаларын аргументтеуге ынталандырады.

Жақсы түйінді мәселені тұжырымдау үшін, сабақтың мақсатын тағы да талдау керек; бұл мақсат қоршаған ортаға қатысты басқа біліммен қалай үйлесетінін ойластыру; оқушыларға қандай сұрақ қызығушылық тудыратындығын және оларды іздеуге ынталандыру туралы ойланту. Кейде негізгі сұраққа жауап табу өте қиын немесе тіпті мүмкін емес, бірақ қорытындыны оқушылар өздері жасаған жөн.

4. *Мақсатқа жету критерийі* — неге назар аударатыныңыз.

5. *Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау.*

Поляк мұғалімі Данута Стернның айтуынша, белсенді бағалаулар оқушылардың өзін-өзі бағалауына және оқушыларға жаңа білім мен дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді. Өзін-өзі бағалау — өз-өзіңізбен кері байланыс. Оқушы: «Мен не білемін, қолымнан келеді, істей аламын?», — деп қояды, «Мен әлі не жұмыс істеуім керек?» — деп анықтайды, «Қиындықтарды қалай жеңемін?» — деп жоспарлайды. Оқушылар қолжеткізуі керек мақсаттар, бағалау критерийлері туралы жеткілікті түрде түсінігі болған жағдайда ғана өзін-өзі бағалауы мүмкін. Өзін-өзі бағалауда оқушылардың қызметін ұйымдастырудың тиімді құралы — бағалау парақтары болып табылады, ол оқушылар толтыратын арнайы форма. Бағалау парақтары әртүрлі болып келуі мүмкін, бірақ олардың мақсаттары жалпы: олар оқушыларға олардың түзетулері үшін маңызды болып табылатын табыстары мен қиындықтарын көруге мүмкіндік береді. Осылайша, бағалау парағы кесте түрінде жасалуы мүмкін, онда оқушы өзінің оң нәтижелеріне «+» белгісін қояды. Өзін-өзі бағалауды көпшілікке белгілі кері байланыс құралы — «бағдаршам» көмегімен жүзеге асыруға болады. Тапсырманы аяқтағаннан кейін оқушылар өз жұмысын жасыл, сары немесе қызыл деп бағалай алады. Содан кейін оқушылардан не себепті сол түсті таңдағандығы туралы топта сұрауға болады. Бұл жағдайда өзін-өзі бағалау өзара бағалаумен біріктіріледі. Мұндай біріктіру біртіндеп қажетті дағдыларды дамытуға және өзін-өзі бағалауды объективті түрде жүргізуді береді. «Светофордың» тағы бір нұсқасында оқушыларға әр түстегі карточкалардағы бағаларды көтеруді, содан кейін «жасыл» және «сары» жұптарға бірігуді сұрай аласыз (бірінші бала екіншісіне көмектесу керек, сөйтіп, балалар бір-бірінен үйренеді). Мұғалім барлық «қызылдарды» бірге жинап, материалдарды қайтадан түсіндіре алады. Оқушыларды осылай бөлу өте тиімді, себебі олардан «мұғалім – оқушы» жұбы құрылады, ал мұғалім

одан да маңызды проблемалары бар бірнеше оқушылармен жұмыс істей алады. Өзін-өзі бағалауды қорытынды ұсыныстардың әдістемесі арқылы да орындауға болады.

Белсенді бағалау — бұл оқуға көмектесетін технология. Сондай-ақ ол оқытудың үлкен жауапкершілігі оқушылардың өздеріне тиесілі екенін білдіреді. Бұған мұғалімнің оқушылардың жұмысын бағалаудағы рөлін шектеп, өзара бағалау мен өзін-өзі бағалауды ынталандыру көмектеседі. Өзара бағалауды және өзін-өзі бағалауды енгізу арқылы оқушылардың оқуға деген көзқарастары біртіндеп өзгереді. Олар неге және не себепті оқып жатқандары туралы сұраққа үлкен жауапкершілікпен қарайтын болады, белсенді және жауапты қатысушыларға айналады. Өзара бағалау мен өзін-өзі бағалау арқылы оқушылар өздерінің оқуға деген жауапкершіліктерін ынталандыра түседі. Өзара бағалаудың тағы бір ерекшелігі, егер оқушыларға күнделікті қолданатын сөздерді жазатын немесе сөйлейтін болса, әріптесінен кері байланыс алу жеңілрек болады. Бұдан басқа, оқушылар «мұғалім» рөлінде жауапты болады, объективті түсініктеме беруге тырысады және осылайша өздерін үйретеді. Оқушылардың бір-бірінің жұмысын бағалай білуі және мұғалімнің қалыпты түрде атқаратын функциясын орындау үшін оларды осыған үйрету керек.

Өзін-өзі бағалау және өзара бағалаудың қажетті элементтері бағалау критерийлері болып табылады. Оқушылар сыныптастардың жұмысын алдын ала анықталған критерийлер негізінде бағалайды. Өзара баға беру кезінде және өзін-өзі бағалау кезінде оқушылармен бірге мұғалім:

- бағалау критерийлерін анықтау;
- студенттерді кері байланыспен қамтамасыз етуі керек.

Профессор Ян Патваровски белсенді бағалау бойынша семинарлардың бірінде поляк оқытушылары үшін қысқартылған НаШтоБуЗУ (на што буду звяртаць увагу) аббревиатурасын ұсынған: мен неге назар аударамын, сондай-ақ бағалау критерийлері қандай болады. Бағалау критерийлерінің екі аспектісі бар. Бірінші — сабақ мақсаттарын нақтылау, яғни оқушылар сабақта нені үйрену керек, сабақ үстінде неге көп көңіл бөлу тиіс, сабақ соңында қандай нәтижелерге қолжеткізуі қажет. Екінші — тест немесе үй жұмысы алдында бағалау критерийлерін анықтау. Критерийлердің арқасында оқушылар сабақта қандай білім мен дағдыларды алу керек екенін және тапсырмаларды қандай деңгейде орындау қажет екендігін біледі. Бұл оқушылардың сабақ мақсатына көп көңіл бөлетіндігіне әкеледі, сондай-ақ олар неге қолжеткізіп немесе жеткізбегендіктерін анықтауға мүмкіндік береді. Оқушыларға арналған критерийлер тақтаға жазылуы немесе оларға түсті жапсырмаларда таратылуы мүмкін. Оқушы критерийлері — ол материалды негізгі және қосымша, маңызды және қайталама деп бөлу. Тексеру және үй жұмысы бойынша ненің бағаланатынын анықтау мұғалімнің де, оқушының да жұмысын жеңілдетеді.

Оқушы:

- мұғалім бағалаудың қосымша критерийімен оны таңғалдырмайтындығын білетіндіктен, өзін қауіпсіз сезінеді;
- мұғалім оны жұмысына қарай бағалайтынына назар аударуға тырысады;
- ол өз жұмысында не болуы керек екенін біледі;
- мұғалімнің бағалауларын білетіндіктен, мұғалімнің ол жайлы түсініктемесі қызықтырады.

Мұғалім:

- тексеру немесе үй тапсырмаларына арналған тапсырмалардың ең қажеттілерін таңдайды;
- тексеру тапсырмаларын бұрынғы сабақтардың критерийлерімен байланыстырады;
- оқушылардың жұмысын тексеру кезінде бағалау критерийлерінде көрсетілген нәрсеге ғана назар аударады;
- оқушылардың жұмысын объективті бағалайды.

Оқушыларға бағалау критерийлері дегеніміз не екенін қалай түсіндіруге болады? Мұғалім басқа бір сыныптағы баланың тегі мен аты-жөнін алып тастап, жұмысын бағалап, былай деп айтуы мүмкін: «Бұл жақсы жұмыс. Неге екенін түсіндіріңіз?» (ұқыпты жазылған, кейбір әрекеттер орындалған және т.б.) Осылайша бағалау критерийлері пайда болады. Бағалау критерийлерін мұғалім өзі анықтайды және оқушыға тексеру немесе үй тапсырмасына дейін түсіндіреді, бірақ мұны балалармен жасауға болады. Оқушылармен бағалау критерийлерін анықтау оқу процесіне оң әсер етеді. Олар критерийлерге қарап отырып, сабақтың мақсаттарына жеткендігін біледі. Оқу процесі үшін берілген тақырыптағы маңызды нәрсені таңдау және оларды міндетті түрде білуі керек екендігі өте пайдалы. Әдетте бағалау критерийлерін бірігіп анықтағанда оқушылардың нені меңгеріп, ал нені меңгере алмай, оған қайта оралу керек екендігін көруге болады.

6. Кері байланыс.

Кері байланыс белсенді бағалаудың негізі деп аталады. Кері байланыс — орындалған жұмыс туралы пікірлер, ауызша немесе жазбаша түсініктемелер (не жақсы жасалған, ал нені қалай түзетуге болады). Түсіндірмелер қабылдануы немесе негізді түрде қабылданбауы мүмкін.

Жалпы сабақ және оқу процесі үшін кері байланыс өте маңызды, себебі ол:

– сабақты сапалы жоспарлауды қамтамасыз етеді (жоспар, конспект, реферат немесе сабақтың технологиялық картасы, олар кері байланысты ұйымдастырады, оның тиімділігінің негізі болып табылады);

– оқушылардың оқу процесін қадағалауға мүмкіндік береді, себебі бұл үшін тиісті құралдарды құрады;

– оқушыларға маңызды дидактикалық шеберлікті береді: мұғалім мен оқушылар арасындағы сабақтарда кері байланыс бар болса, шәкірттер тиісті әдістерді меңгереді;

– оқушыларға эмоционалдық әсер етеді және күшті ынталандырушы фактор болып табылады;

– оқушыларға өз қызметін түзету үшін сындарлы ұсыныстар береді;

– оқушылардың өзін-өзі бағалауын қалыптастырады.

Кері байланыс тиімділігі мұғалім оны қалай ұйымдастырғанына байланысты болады. Кері байланыс оқушының бағасы емес, оның жұмысының кезекті нәтижелерін бағалау болып табылады. Кері байланыстың міндетті элементтері:

– оқушы жұмысының оң жақтарын мақтап, атап көрсету;

– қосымша жұмыс істеу керек болатын түзетулерді айту;

– мұны қалай жасауға болатындығы туралы кеңестер;

– оқушыға әрі қарай қай бағытта жұмыс істеу керектігі туралы кеңес беру.

Кері байланыс тек қана критерийлерге ғана қолданылатындығын және пікірді кері бағамен (баллмен) біріктіру қажет емес екендігін ескерген жөн.

Мұғалімдер әрбір оқушының өз жұмысын жетілдіріп, жақсы нәтижелерге қолжеткізе алатынына сенуі керек. Шәкіртке сену оны шабыттандырады, сондықтан оның жұмысынан әрдайым оң сәттерді іздеу керек. Жұмыста бір нәрсені түзету жөнінде ұсынымдардан гөрі оң пікірлер көп болса жақсы. Егер мұғалімнің түзететін жұмысы сыни түсініктемелерге ие болса, онда оқушы мұғалімнің кеңестерін пайдалана алмайды, әрине, мұндай түсініктемелер жұмыстың жақсаруына әкелмейді. Мұғалімге сыни тұрғыдан жауап беру үшін, алдымен мұғалім оны қолдайтынын, табысқа жетуін қалайды және сондықтан онымен ынтымақтасуға тиіс екендігін айту керек.

Оқушы оған көмектесетінін байқаса, сыннан қорқуды тоқтата алады. Сондықтан мұғалімнің ескертулері нақты және түсінікті болуы қажет. Кері байланыс бағалау критерийлерімен тығыз байланыста болуы керек.

Мұғалімнен оқушыға кері байланыс туралы ақпаратты қалай дайындауға болады? Оқушыға дайындаған кері байланысты қарап, келесі сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Сіз басында мақтау немесе мадақтауды жаздыңыз ба?

2. Сіз оқушыны атымен атадыңыз ба?

3. Сіздің пікірлеріңіз оқушының жұмысына ғана қатысты болды ма (оқушының өзі емес)?

4. Сіздің бағалауыңызда оң пікірлеріңіз теріс пікірлерден көп па?

5. Немесе дұрыс жауаптың қалай қаралуы керектігі туралы сын ескертулеріне сөйлем қосылды ма?

6. Оқушы болашақта жақсы нәтижеге қолжеткізуге көмектесетін кеңес алды ма?

7. Оқушыға жасаған жұмыстары туралы одан әрі ой жүгіртуге мүмкіндік беретін сұрақ қойылды ма?

8. Оқушының жұмысына жазылған пікірлер ол түсінетіндей ма?

9. Пікіріңізді жеткілікті түсінікті болды ма?

10. Оқушы одан әрі қандай бағытта дамуы керек жөнінде кеңес ала алды ма?

11. Оқушыға қиындықтарды жеңу және жұмысын жақсарту үшін көмек ұсынылды ма?

12. Сіздің жасаған ескертулеріңізге байланысты оқушыға бірге талқылау жүргізу ұсынылды ма?

13. Барлық түсініктемелер кейін қорытындыланды ма? [5].

Әрбір оң жауап үшін өзіңіз бір ұпай санаңыз. Ұпайлардың саны оннан аспаса, сіз кері байланысыңызды нақтылауыңыз қажет.

Кері байланыс мұғалімнен бағалаудан гөрі көбірек жұмысты талап етеді. Ол біраз уақытты қажет етеді, себебі жұмысты мұқият талдап, бірнеше рет тексеріп, оқушыға жақсы ұсыныстар жазуға талпындырады. Сонымен қатар кері байланыс оқушыға үнемі жақын болу, оқу процесіне көмектесу

мүмкіндігін береді. Бұл өте қиын және, бағалауға қарағанда, ұзақ жұмысты талап етеді. Бағалаудың екі әдісін біріктірудің өз стратегияңызды әзірлеу кезінде осы аспектіні ескеру қажет.

Сыныптағы белсенді бағалауды пайдалану оқытуға деген көзқарастың идеясын өзгертеді. Оның негізгі миссиясы — оқушының өзін-өзі анықтап, көрсете білуге жағдай жасау. Мұғалім белсенді бағалауды пайдалана отырып, оқушыға қандай жетістіктерге ие екенін, ол жаңадан не үйренгенін білуге мүмкіндік береді. Ал оқушылардың қойылған мақсаттарға жету критерийлері олардың жауапкершілігін және тәуелсіздігін арттырады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Зайцев В.С. Современные педагогические технологии: учеб. пособие / В.С. Зайцев. — Кн. 1. — Челябинск: ЧГПУ, 2012. — 411 с.
- 2 Дусавицкий А.К. Развивающее образование: теория и практика / А.К. Дусавицкий. — Харьков, 2002. — 146 с.
- 3 Запрудский Н.И. Контрольно-оценочная деятельность учителя и учащихся: пособие для учителя / Н.И. Запрудский. — Минск: Сэр-Вит, 2012. — 160 с.
- 4 Воронцов А.Б. Учебная деятельность: введение в систему Д.Б. Эльконина–В.В. Давыдова / А.Б. Воронцов, Е.В. Чудинова. — М.: Издатель рассказов, 2004. — 304 с.
- 5 Цукерман Г.А. Оценка без отметки / Г.А. Цукерман. — М.; Рига: Пед. центр «Эксперимент», 1999. — 137 с.

А.Б. Серикбаева, С.С. Копбалина, У.А. Косыбаева

Формативная оценка — инновационная система оценивания

Статья посвящена использованию инновационной системы оценивания в учебном процессе, а именно формативному оцениванию. Рассматривается стратегия формативного оценивания — активная оценка. Приводятся ее особенности, отличие от традиционной формы оценивания, дается определение, рассматриваются элементы формативного оценивания, а также способы использования активной оценки на уроках. Проведен сравнительный анализ использования активной оценки в практической деятельности зарубежных специалистов, статистические данные мировых исследований. Авторами описана практическая значимость активной оценки как способа усиления ощущения собственной значимости учащихся, повышение их познавательной мотивации и ответственности за учебные успехи и неудачи. Особое внимание уделено значению обратной связи, его организации и способам реализации на уроках.

Ключевые слова: контроль, формативное оценивание, элементы формативного оценивания, методы постановки вопросов, ключевые вопросы, самооценивание, взаимооценивание, обратная связь.

A.B. Serikbaeva, S.S. Kopbalina, U.A. Kosybaeva

Active evaluation — an innovative assessment system

The article is devoted to the use of an innovative assessment system in the educational process, namely, formative evaluation. The strategy of formative evaluation is considered - an active evaluation. Its features are given, unlike the traditional form of evaluation, a definition is given, elements of formative evaluation are considered, as well as ways to use active evaluation in the lessons. A comparative analysis of the use of active evaluation in the practical activities of foreign specialists, statistical data of world research is carried out. The authors describe the practical significance of active evaluation as a way to increase the sense of students' own worth, increase their cognitive motivation and responsibility for educational successes and failures. Particular attention is paid to the importance of feedback, its organization and ways of implementation in the classroom.

Keywords: control, formative evaluation, elements of formative evaluation, methods of posing questions, key questions, self-evaluation, mutual evaluation, feedback.

References

- 1 Zaitsev, V.S. (2012). *Sovremennye pedahohicheskie tekhnolohii [Modern pedagogical technologies]*. Кн. 1. Cheliabinsk: ChGPU [in Russian].
- 2 Dusavitskii, A.K. (2002). *Razvivaiushchee obrazovanie [Developmental Education]*. Kharkov [in Russian].

- 3 Zaprudskii, N.I. (2012). *Kontrolno-otsenochnaia deiatelnost uchitelia i uchashchikhsia [Control and evaluation activity of teachers and students]*. Minsk: Ser-Vit [in Russian].
- 4 Vorontsov, A.B., & Chudinova, E.V. (2004). *Uchebnaia deiatelnost: vvedenie v sistemu D.B. Elkonina–V.V. Davydova [Educational Activity: Introduction to the System D.B. Elkonin–V.V. Davydov]*. Moscow: Izdatel Rasskazov [in Russian].
- 5 Tsukerman, G.A. (1999). *Otsenka bez otmetki [Score without a mark]*. Moscow; Riga: Pedagogicheskiy tsentr «Eksperiment» [in Russian].

Репозиторий Қарғу